ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШЖҚ «ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ СТАНЦИЯСЫ» МКК

ХАТТАМАСЫ № 4

Түркістан қаласы **30.09.2026ж.**

Күн тәртібіндегі мәселе:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңының 16-бабы);

«Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №12 бұйрығы);

Тыңдалды:

Жиналысқа облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының аудандар ісі жөніндегі басшы орынбасары Кертаева Жанна Мынболатовна төрағалық етіп, басшы орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі қызметкерлері қатысты.

Жиналыста комплаенс офицер Абдулла Нұрмұхан Саттарұлы сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының негізгі талаптарына тоқталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының** талаптарын сақтау ұйымның барлық қызметкерлері үшін міндетті екендігі атап өтілді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, мүдделер қақтығысын болғызбау, іскерлік әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында тиісті шаралар қабылдануы қажет.

Қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында заңдылық, адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алу қажеттігі түсіндірілді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын іске асыру шеңберінде Агенттік Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығымен 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрықпен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы

комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін хабарлады.

Комплаенс-қызметтің негізгі міндеттерін бекітілген үлгілік ережеге сәйкес таныстырды:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі мен оның жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесін тиімді іске асыру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптардың және озық халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

Қортынды: Комплаенс офицер Н.С.Абдулла ұйым қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Мәжіліс төрағасы Ж.М.Кертаева қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу қажеттігін атап өтті. Жиналыс барысында қатысушылар тарапынан ұсыныстар айтылып, қойылған сұрақтарға тиісті түсіндірмелер берілді.

Мәжіліс төрағасы **Ж.М.Кертаева**

Хатшы: **Д.Туленов**